

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 наурызда № 13442 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 16 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 21.10.2016 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 25-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына с ә й к е с

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 16 қазандағы № 06-7/144 «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8922 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 11 желтоқсанда № 268 (28211) жарияланған) күші жойылды деп танылсы.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Мемлекеттік қызмет департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресми жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының б а с ш ы л а р ы н а жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Т. Донақов*  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
министрінің  
2016 жылғы 11 ақпандағы  
№ 30 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесі**

№ п/п	Дербес деректердің атауы
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты
4	Туу туралы мәлімет туған жері күн
5	Ұлты
6	Жынысы
7	Отбасылық жағдайы
8	Азаматтығы туралы мәліметтер
9	Білімі
10	Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы
11	Мамандығы бойынша біліктілігі
12	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
13	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
14	Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті)
15	Қолы

16	Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы ; құжаттың нөмірі ; құжатты берген күні ; құжаттың колданылу мерзімі ; құжатты берген орган	деректері:
17	Шет тілдерін білуі	
18	Дипломатиялық дәрежесі	
19	Байланыс тіркелген және тұрған мекен жері ; байланыс электрондық пошта	деректер телефон
20	Әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені	
21	Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары	
22	Арнайы тексеру нәтижелері	
23	Мемлекеттік қызметшінің ант берген күні	
24	Сотталу туралы мәліметтер	
25	Тәртіптік жазалар туралы мәліметтер	
26	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазалар қолданылғаны туралы мәліметтер	
27	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылғаны туралы мәліметтер	
28	Әрекет қабілеттік туралы мәліметтер	
29	Мемлекеттік лауазымдар атқаруға тыйым салу туралы мәліметтер	
30	Бағалау нәтижелері туралы мәліметтер	
31	Аттестациядан өткен күні және нәтижелері	
32	Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні	
33	Атқарып отырған лауазымы, санаты туралы мәліметтер	
34	Еңбек жолы туралы мәлімет ; қабылданған, босатылған к лауазымы, жұмыс орны ; ұйымның орналасқан жері	
35	Жұмыс орнындағы мінездеме	
36	Ұсынымхаттар	
37	Денсаулығы туралы мәліметтер (біліктілік талаптарында тиісті мемлекеттік лауазымдарға орналасу денсаулық жағдайына арнайы талаптар белгіленген жағдайларда)	
38	Тестілеудің нәтижелері ; заңнаманы білу туралы ; мемлекеттік тілді білу туралы ; логикалық деңгейін анықтау туралы ; біліктілік деңгейін анықтау туралы ; жеке қасиеттерді бағалау туралы.	
39	«А» корпусының кадр резервіне алынғаны туралы мәліметтер	